

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 21-ш шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 сәуірде № 6245 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 маусымдағы № 5-ш шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімінің 11.06.2019 № 5-ш шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына, 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес Арал ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Арал қаласының, Тайыр Жароков көшесіндегі № 2 үйді және Аралтұз көшесіндегі № 36 үйді апатты жағдайдың туындауы мүмкін болуына байланысты объектіде объектілік ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Арал ауданы әкімінің орынбасары М. Мейірбеков тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

М. Мейірбеков